

Шетелде тұратын отандастардың істері жөнінде комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 сәуірдегі N 325 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 мамырдағы
№ 453 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 453 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 24 қаулысымен бекітілген Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3-бөлімінің 3-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының
Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Шетелде тұратын отандастардың істері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Комиссия туралы ереже;

2) Комиссияның құрамы бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 5

с ә у і р д е г і

N

3 2 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Шетелде тұратын отандастардың істері жөніндегі комиссия туралы ереже 1. Жалпы ережелер

1. Шетелде тұратын отандастардың істері жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның міндеттері, функциялары мен құқықтары

3. Комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) шетелде тұратын қазақ диаспорасының өміріне және қызметіне байланысты проблемаларды зерделеу;
- 2) шетелде тұратын отандастармен жан-жақты байланысты дамыту және нығайту үшін қажетті жағдай жасауға жәрдем көрсету;
- 3) шетелде тұратын отандастарды қолдау процесінде туындайтын мәселелерді шешуде мемлекеттік органдарға консультативтік көмек көрсету;
- 4) қазақ диаспорасының ұлттық-мәдени қажеттілікті қанағаттандыру саласындағы құқықтарын бұзу фактілеріне мониторинг жүргізу.

4. Жүктелген міндеттерді іске асыру мақсатында Комиссия мынадай функцияларды орындайды:

- 1) шетелдегі қазақ диаспораларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- 2) шетелде тұратын отандастармен әлеуметтік-мәдени байланыстарды дамыту үшін қолайлы жағдай жасау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- 3) шетелде тұратын отандастармен экономикалық байланыстарды нығайту және кеңейту жөнінде ұсынымдар әзірлейді;
- 4) мемлекеттік органдарға талдамалық, әдістемелік және өзге де материалдарды қарау үшін жібереді;
- 5) шетелде тұратын отандастардың ғылыми, мәдени және шығармашылық ұйымдарымен тұрақты қатынастарды қолдау жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

5. Комиссия заңнамада белгіленген тәртіппен өз міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін:

- 1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан Комиссия қызметіне байланысты материалдар мен құжаттарды сұратуға және алуға;
- 2) Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша комиссия отырыстарына мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың өкілдерін шақыруға және тыңдауға;
- 3) Қазақстан Республикасының Үкіметіне өзінің құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде ұсыныстар енгізуге;
- 4) Комиссия мен мемлекеттік органдардың, ұйымдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға байланысты өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру

6. Комиссияны төраға басқарады.

Әбдіғалиев - "Мемлекеттік тілді дамыту қорының"
Берік Бақытұлы директоры

Әбішев - Қазақстан Республикасы Еңбек және
Хабылсаят Әзімбайұлы халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Көші-қон комитетінің төрағасы

Қоңырбаев - Қазақстан Республикасының
Уәлихан Сиянбекұлы Парламенті Мәжілісінің депутаты
(келісім бойынша)

Қалижанұлы - Қазақстан Республикасы Парламенті
Уәлихан Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Мамашев - Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының
Талғат Асылұлы Төралқа төрағасының бірінші орынбасары
(келісім бойынша)

Мұхамеджанов - Қазақстан Республикасының
Төлеген Мұхамеджанұлы Парламенті Сенатының депутаты
(келісім бойынша)

Тілеухан - Қазақстан Республикасы Парламенті
Бекболат Қанайұлы Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Жалмағамбетова - Қазақстан Республикасының
Светлана Жақиянқызы Парламенті Сенатының депутаты
(келісім бойынша)

Есім - Қазақстан Республикасының
Ғарифолла Парламенті Сенатының депутаты
(келісім бойынша)

Шаймерден - Қазақстан Республикасының Мәдениет
Ербол Шаймерденұлы және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің
төрағасы

Қуанғанов - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Фархад Шаймұратұлы министрлігінің жауапты хатшысы

Жошыбаев - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Рәпіл Сейітханұлы министрлігінің жауапты хатшысы

Құрманғалиева - Қазақстан Республикасының Экономика
Аида Дәденқызы және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Әлеуметтік саланы дамыту департаментінің
директоры

